

АНЫҚТАМА

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің
«№267 орта мектеп» КММ 2025 жылдың I тоқсан қорытындысымен 10 сәуір мен 23 мамыр
аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша

23 мамыр 2025 жыл

Қызылорда қаласы

ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы" Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдануы және ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің 07.04.2025 жылғы №1072 санды хаты негізінде 2025 жылдың I тоқсан қорытындысымен ағымдағы жылдың 10 сәуір мен 23 мамыр аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жасалды.

Көрсетілген мерзімде Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№267 орта мектебі» КММ-ның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдауға мына бағыттар негізінде жүргізілді.

1) Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау:

Қызылорда қаласы білім бөлімінің «№267 орта мектебі» КММ кадр қызметі персоналды басқару стратегиясын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүргізіп отыр. Мектептің жобалық қуаты-380 орынға салынған. Штаттық кесте бойынша бірлік саны-78,1. Жалпы қызметкерлер саны-72. Оның ішінде педагог қызметкерлер-47 (декреттік демалыста-7, ақысыз демалыста-1, қоса атқарушы-5), техникалық қызметкер-25 (оның ішінде декреттік демалыста-2) еңбек етеді. Көрсетілген мерзімде жұмысқа қабылданған педагог қызметкер болған жоқ. Бүгінгі таңда бос орындар жоқ.

Педагогтердің біліктілігін арттыруы

Қазақстан Республикасы «Педагог мәртебесі» туралы 2019 жылдың желтоқсанындағы Заңның 7-бабы 1-тармағы 12-тармақшасына сәйкес, педагогтер үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру қажет екендігін ескере отырып, 2024-2025 оқу жылында жұмыс жасап жатқан 42 педагог қызметкерлердің 39-ы (93%) біліктілік арттыру курсынан өткен.

Ескерту: 3 (7%) жас маман бала күтімі демалыста болуына байланысты біліктілік арттыру курсынан өтпеген.

Соның ішінде: 2024-2025 оқу жылында

Бейіні бойынша: Барлығы-10

-бастауыш сыныптар- 2 мұғалім

-қазақ тілі мен әдебиеті пәні- 1 мұғалім

-денешынықтыру пәні- 1 мұғалім

-биология пәні-1 мұғалім

-көркем еңбек пәні-1 мұғалім

-музыка пәні-1 мұғалім

-орыс тілі мен әдебиеті пәні-1 мұғалім

-ағылшын тілі пәні-1 мұғалім

-физика пәні-1 мұғалім

Лауазым бойынша: Барлығы-2

-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары-1(Білім берудегі менеджмент)

-мектеп директоры -1 (Білім берудегі менеджмент)

Басқа да курстар:

-Оқушылар мен студенттердің қаржылық сауатылығын арттыру-1

-Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу-2

Білім берудегі креативті технологиялар-1

2024-2025 оқу жылында «Білім беру ұйымдарында инклюзивті оқыту» тақырыбындағы біліктілік арттыру курсынан 9 мұғалім өткен.

«Білім беру ұйымдарын инклюзивті оқыту» тақырыбы бойынша-20 мұғалім курстан өтті. 2023-2024 оқу жылында лауазым, пән бойынша барлығы-17 мұғалім біліктілік арттыру курсынан өтіп сертификатталды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен бекітілген, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі №72 бұйрығының №1 қосымшасындағы педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына сәйкес, 2024-2025 оқу жылында аттестациядан өтетін педагогтер-10, осы қағиданың 3-параграф, жасы зейнеткерлікке 4 жылдан аз қалған 1 педагог өтініші негізінде аттестаттау рәсімінен босатылды, бейіні бойынша 30 (отыз) және одан да көп жыл педагогикалық еңбек өтілі бар 1 педагогке ПББ-дан өту талап етілмеді. ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына (ҚР ОМ 02.04.2024ж. №72 бұйрығы) сәйкес аттестаттау оқу жылында 1 рет өткізілуіне орай біліктілік санатының қолданылу мерзімі 2024 жылғы қыркүйек-желтоқсан айларында аяқталатын 5 педагогтің қолданыстағы біліктілік санаттары келесі аттестаттау кезеңіне (2025 жылғы қаңтар-1 қыркүйек) дейін ұзартылды.

Педагог шебер-0, педагог-зерттеуші-14, педагог сарапшы-9, педагог-модератор-10, санатсыз саны-9. Жоғары білімді-41, арнаулы орта білімді-1. Педагогика ғылымының магистрі-4.

Лауазымдық категориялар бойынша мектеп директоры- «басшы ұйымдастырушы», үшінші санатты басшының орынбасары-3.

Мектептегі оқушылар контингенті.

Мектепте 2024-2025 оқу жылында барлығы-325 оқушы бар.

1-4 сыныптар бойынша-114 оқушы, 5-9 сыныптар бойынша-172 оқушы, 10-11 сыныптар бойынша-39 оқушы. 2024-2025 оқу жылында жалпы орта білім беру курсын аяқтайтын мектепті бітіруші түлектер саны-19. Негізгі орта білім беру курсын аяқтайтын 9-сынып оқушылар саны-41. 1-4 сыныптар арасында үйде оқытылатын оқушы саны-1, 5-8 сыныптар арасында үйде оқытылатын оқушы саны-2, ЕББҚ оқушылар саны мектепте барлығы-9.

Жалпы персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы бойынша заң бұзушылықтар жоқ. Мектеп қызметкерлері арасында 2025 жылдың 10 сәуір мен 23 мамыр аралығында сыбайлас жемқорлық үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылмаған. «№267 орта мектебі» КММ барлық педагог қызметкерлер қойылатын біліктілік талаптарға сай келеді, жоғары және арнайы орта білімдері бар.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу;

Зандылықтың бұл талаптары бойынша мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ, көрсетілген мерзімде басшылық құрамға және қызметкерлерге қатысты арыз-шағымдар түспеген. Арыз-шағымдар болған жағдайда мектеп басшысы мен қызметкерлер арасында жазылған арыз-шағымдар зерделеніп, Заң аясында қаралады.

3) Мемлекеттік қызметтер көрсету;

ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі №983 қаулысымен бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізіліміне сәйкес, es.iac.kz мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру сайтына мемлекеттік қызмет түрі бойынша өтініштер қабылданған. Es.iac.kz бойынша 2025-2026 оқу жылына 1-сыныпқа – 1 оқушы қабылданды.

- «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» және «Бастауыш, негізгі орта жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсететін қызмет бойынша 2024-2025 оқу жылында мектептен мектепке ауысу және құжат қабылдау қызметі және 1-сыныпқа қабылдау бойынша барлығы- 4 оқушы тіркелген. Оның ішінде:

-мектепке құжат тапсырған оқушы саны-1

-басқа мектепке ауысу құжатын алған оқушы саны-2

- 2025-2026 оқу жылына 1-сыныпқа қабылданған оқушы саны-1

Мемлекеттік қызмет түрлері электронды үкіметтің веб порталы «Е-gov» арқылы, халыққа қызмет көрсету орталықтары және мектептерде тікелей қызмет көрсету арқылы жүзеге асырылады.

«Е-Өтініш» ақпараттық жүйесіне 2025 жылдың 10 сәуір мен 23 мамыр аралығында келіп түскен өтініштер саны-2. (оның ішінде ұсыныс-2) Өтініш электрондық жүйе арқылы жауап берілді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне қатысты мәселелер тұрақты қаралып, оларға қатысты шағымдардың болмағаны зерделеніп, бұл сала бойынша заңдылықтың бұзылу фактілері орын алған жоқ.

-«Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет көрсету бойынша Es.iac.kz сайтына 2025 жылы 16 мамыр күні Ералиева Ботагөз Омаровнадан өтініш келіп түскен. "№267 орта мектеп" мемлекеттік мекемесі 2012 жылы 25 сәуірде құрылып, 2012-2013 оқу жылының 1 қыркүйегінен бастап оқушылар қабылданды. Оған дейін "Жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған №1 мектеп-интернаты" мемлекеттік мекемесі болған. Өтініш беруші Ералиева Ботагөз Омаровна "Жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған №1 мектеп-интернаты" мемлекеттік мекемесінде 01.09.2002-25.05.2011 аралығында білім алуына байланысты өтініші кері қайтарылды.

4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;

№267 орта мектепке бұл бағыттағы рұқсат беру функциялары берілмеген.

5) Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;

№267 орта мектеп бақылау-тексеру функцияларын жүзеге асырмайды.

6) Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;

2025 жылға қаржыландыру жеке жоспары бойынша қаралғаны – 355934,0 мың теңге
Оның ішінде:

261082015 бағдарлама бойынша – 103493,0 мың теңге,

261203011 бағдарлама бойынша – 315,0 мың теңге,

261203015 бағдарлама бойынша - 252126,0 мың теңге,

Жұмсалған сумма -141376,0 мың теңге

Оның ішінде:

261082015 бағдарлама бойынша – 28320 мың теңге,

261203011 бағдарлама бойынша – 104,0 мың теңге,

261203015 бағдарлама бойынша - 112952,0 мың теңге,

7) Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;

Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету туралы №3 келісім шарт негізінде, өнім беруші ретінде «Маделханова» ЖШС атынан К.Маделханова 2025 жылы 9 қаңтарда келісім шарт жасалды. Қаралған қаражат – 16714,0 мың теңге

Ақпаратқа қол жеткізу платформасы қызметі бойынша «TECHNO PARTNERS» ЖШС 2025 жылы 29 қаңтардағы №21 келісім шарт жасалды. Қаралған қаражат 490,0 мың теңге

№267 орта мектебінде бейнекамера саны – 57 дана. 40 - данасы ішкі, 17- данасы сыртта орналасқан. Барлығы жұмыс жасап тұр. Бейнебақылаудың үздіксіз жұмыс жасауын қадағалау мақсатында ЖК «Мир автоматики» 2025 жылы 25 қаңтардан №8 келісім шарт жасалды. Сақталу мерзімі 30 тәулік. Турникет, дабыл түйемесі бар. Жұмыс жасап тұр. Қаралған қаражат – 87,0 мың теңге.

Өрт қауіпсіздігіне қызмет көрсетуге «Нұр Бота» ЖК 2025 жыл 15 қаңтардағы №9 келісім шарт жасалды. Қаралған қаражат – 109,9 мың теңге қаражат бөлінген.

Күзет қызметі бойынша «АБС КҮЗЕТ» ЖШС-н 2025 жылдың 06 қаңтарында №2 келісім-шарт жасалды. Қаралған қаражат – 1200,0 мың теңге.

Интернетке қол жеткізу бойынша қызметтер көрсету «Казахтелеком» АО-н 2025 жылдың 22 қаңтарындағы №16 келісім шарт жасалды. Қаралған қаражат – 1935,6 мың теңге

Қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару бойынша «Қызылорда тазалығы» КММ-н 2025 жылдың 09 қаңтарында №4 келісім шарт жасалды. Қаралған қаражат – 155,9 мың теңге

«Қызылорда жылуэлектрорталығы» мемлекеттік кәсіпорнымен 2025 жылы 09 қаңтардағы келісім шарт жасалды. Қаралған қаражат - 7000,0 мың теңге

«Қызылорда электр тарату торлары компаниясы» АҚ мекемесімен 2025 жылдың 09 қаңтарында келісім шарт жасалды. Қаралған қаражат – 2500,0 мың теңге

Веб сайт қызметі бойынша «WEB PRO MAX» ЖК 2025 жылы 02 ақпандағы №2 келісім-шарт жасалды. Қаралған қаражат 50,0 мың теңге

8) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану:

Мектепте персоналды басқару процестерін дамыту мен жетілдіру жүйесі болып табылатын «Е-қызмет» персоналды басқару ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі, Ұлттық білім беру

дерекқоры, Bilimclass.kz қаржылық есептіліктер бойынша «salyk.kz», «stat.gov.kz», «esf.kz», автоматтандыру электрондық құжат айналымының жүйесі және «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі орнатылған.

Мектепте білім алушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету.

2025 жыл бойынша - 187 бала

261082015-159 ерекшелікте -113 оқушы қаралғаны – 9542,0 мың теңге. Игерілгені – 4932,9 мың теңге.

261082015-163 ерекшелікпен – 74 оқушы, қаралғаны – 7172,0 мың теңге. Игерілгені –3576,6 мың теңге.

9) Мектеп кітапханасындағы кітаптар қорының есебі

Оқулықтар саны – 23 744 дана, құны – 31522851,7

Электрондық оқулықтар саны – 194 дана, құны – 658203,1

Көркем әдебиеттер саны – 4248 дана, құны – 10508349,7

Әдістемелік нұсқаулықтар мен жұмыс дәптерлер саны – 7080 дана, құны -3998451,7

Компьютерлерлік құрылғылар саны-133

(ноутбук-64, планшет-24, моноблок-1, дербес компьютер-38, субноутбук – 5, логопед тренажер компьютер- 1).

Жылжымалы экран (панель) – 4

Проектор-1

Лэдэкран-1

Интерактивті панель -10

Интернет жылдамдығы-80Мбт/сек.

BilimClass платформасы 2025 жылдың қаңтар айынан бастап жұмыс жасап тұр. Жүйеде 16 сынып комплекті бар. Үйде оқитын оқушысы бар сыныпта сабақ кестесі негізгі және жалпы болып екіге бөлінген. Пән мұғалімдері өз логин, паролі арқылы кіреді. Мектепте BilimClass платформасы бойынша 325 оқушы тіркелген. Сабақ кестесі әр тоқсанда жүйелі түрде толтырылады, статистика күнделікті алынып, ұжым есеппен таныстырылу жүйелі түрде қалыптасқан. Оқушыларды қабылдау, шығару мектеп бұйрығы негізінде іске асырылады. Формативті бағалар қоры толық, БЖБ, ТЖБ балдарын қою жұмыстары уақытылы орындалады.

10) Мектепте қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар:

Құқық бұзушылықтың, буллинг пен зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша мектепте танымдық ақпараттық сағаттары өткізілуде. Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің қылмыстық әрекетке тап болмауы, сондай-ақ нашакорлық пен зорлық-зомбылықтан, ерте жүктіліктің орын алмауы басты назарда. Қызылорда қалалық прокуратурасы бөлім прокуроры Ниязова Гүлжанат қатысуымен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық профилактикалық шараларын ұйымдастыру, кәмелетке толмағандар арасында қылмыстың, зорлық-зомбылықтың, ерте жүктілік пен нашакорлықтың алдын алу бағыттары бойынша 9-11 сынып білім алушыларымен кездесу ұйымдастырылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Ата-аналар мен мұғалімдердің қатысуымен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын әрекеттердің туындауын болдырмау туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Түнгі мезгілде ата-анасының қадағалауынсыз көшеде жүретін жасөспірімдерді анықтау мақсатында рейдтік іс-шаралар жүргізілуде. Нәтижесінде 11 «а» сыныбының оқушысы Ерболұлы Нұртуғанның ата-анасына ескерту жасалды. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

11) Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

Әр аптаның сәрсенбі және жұма күндері №267 орта мектеп директорының жеке қабылдауы тұрақты өткізіліп тұрады. Бірақ директоромен бекітілген кестеден басқа аптаның кез-келген күнімен жеке қабылдаулар жүргізіліп келеді. Қабылдауға келген әрбір тұрғынның мәселесі жеке қаралып, жедел шешімін табуға жұмыстар жасалуда.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық деректері орын алмаған. Мектептегі ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер бойынша заң бұзушылықтар анықталмады. Мектеп әкімшілігімен мұғалімдер арасында тығыз қарым-қатынас орнаған.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі мектепте дұрыс жолға қойылған. Жалпы сыбайлас жемқорлыққа баратын фактілер анықталмады.

Қорытынды.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде «№267 орта мектеп» КММ-нің атқарып келген қызметтерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаты орын алмаған деп қорытынды жасалынады.



«№267 орта мектеп» КММ-нің директоры

С.Б.Рахымшаева